

Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 2000 жылғы 20 шілде N 309 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 2 тамызда N 1207 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.

Валюта операцияларын жүргізу тәртібін жетілдіру және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130 қаулысымен бекітілген Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130 қаулысымен бекітілген Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130 қаулысымен бекітілген Шетел валютасын пайдаланумен байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасы (

Сембиев Н.Қ.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130 қаулысымен бекітілген Шетел валютасын пайдаланумен байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайтын болсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасы

Келісілген:	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасының	Ұлттық Банкі Басқармасының
Экономика министрлігі	2000 жылғы 20 шілдедегі
24 шілде 2000 ж.	N 309 қаулысымен
1-ші вице-Министр	бекітілген

Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130 қаулысымен бекітілген Шетел валютасын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау тәртібі туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Валюта құндылықтарын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау е р е ж е с і " .

Қазақша мәтін бойынша "Осы Ереже" деген сөздер өзгермейді.

2. Мәтіндегі "нотариалды куәландырылған" деген сөздер қазақ тілінде мәтін б о й ы н ш а ө з г е р м е й д і .

3 . 1 . 4 - т а р м а қ т а ғ ы :

екінші азатжол мынадай сөздермен толықтырылсын "(заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған өтініште заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатындығын растайтын жазба жасалуы тиіс)";
мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"салық органының соңғы есептік күнгі белгісі қойылған заңды тұлғаның жылдық балансы (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін)";

4. 1.5. тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектілері ұсынған шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды беру туралы

өтініш осы Ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап он күн мерзімде қаралуы тиіс".

5. 1.14. тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын.

6. 2.2. - тармақта:

екінші азатжол мынадай сөздермен толықтырылсын "(заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған өтініште заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатындығын растайтын жазба жасалуы тиіс)";

алтыншы азатжолдағы "Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"салық қызметі органының өтініш беруге дейінгі 10 күнтізбелік күн бұрын берген салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешегі жоқ екендігі туралы берген құжаты (заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке тұлғалар үшін). Құжаттар толық тапсырылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден салық қызметі органының өтініш беруге дейінгі 10 күнтізбелік күн бұрын берген салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешегі жоқ екендігі туралы кейінгі мерзімде берген құжатын сұратуға құқылы"

;

сегізінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"салық органының соңғы есептік күнгі белгісі қойылған заңды тұлғаның жылдық балансы (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін)";

тоғызыншы азатжол алынып тасталсын;

7. 2.3-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектілері ұсынған капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүзеге асыруға және қызмет көрсетуге арналған лицензияларды беру туралы өтініш осы Ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап он күндік мерзімде қаралуға тиіс".

8. 3.4. тармақтың:

а) тармақшасының:

бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері:";

екінші азатжол "(шағын кәсіпкерлік субъектісі заңды тұлға берген өтініште осы заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын растайтын жазба болуы тиіс)" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші азатжолындағы "көшірмесін" деген сөз "нотариалды куәландырылған көшірмесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші азатжолы жаңа редакцияда жазылсын: "лицензия беру туралы өтініш

бергенге дейін 10 күнтізбелік күннен аспайтын уақыт бұрын берілген бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екендігі жөніндегі салық органының құжаты. Құжаттардың толық пакеті берілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден салық қызметі органынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кешіктірілген мерзімге берешегінің жоқ екендігі туралы құжат сұратуға қ ұ қ ы л ы . " ;

алтыншы және жетінші азатжолдары алынып тасталсын;
сегізінші азатжолдағы "сондай-ақ" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын, "клиенттің шоттары бойынша көшірмелерді" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы азатжолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының уәкілетті органында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;
салық органының соңғы есеп беретін күнгі белгісі қойылған заңды тұлғаның жылдық балансы (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін)";

б) т а р м а қ ш а с ы н ы ң :

бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ашылған заңды тұлғалардың - резиденттердің өкілдіктері";

екінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлға өкілдігінің және валюта есепшоты ашылуы көзделген шетелдік банктің тұрған жері және деректемелері көрсетілген өтініште (шағын кәсіпкерлік субъектісі заңды тұлға берген өтініште осы заңды тұлғаның шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын растайтын жазба болуы тиіс), сондай-ақ өкілдік ашу туралы бұйрықтың және ол туралы ереженің нотариалды куәландырылған кө ш і р м е л е р і " ;

үшінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы өкілдікті құрған заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері";

төртінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензия беру туралы өтініш бергенге дейін 10 күнтізбелік күннен аспайтын уақыт бұрын берілген бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ екендігі жөніндегі салық органының құжаты. Құжаттардың толық пакеті берілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтініш берушіден салық қызметі органынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кешіктірілген мерзімге берешегінің жоқ екендігі туралы құжат сұратуға құқылы";

бесінші және алтыншы азатжолдар алынып тасталсын;
жетінші азатжолдағы "сондай-ақ" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын, "клиенттің шоттары бойынша көшірмелерді" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы азатжолдармен толықтырылсын:

"заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының уәкілетті органында мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

салық органының соңғы есеп беру күні белгі қойған заңды тұлғаның жылдық балансын (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін).";

в) тармақшасының:

бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері:";

үшінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін";

9. 3.5-тармағы мынадай мазмұнда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шағын кәсіпкерлік субъектісі ұсынған резиденттердің шетел банктерінде есепшот ашуына лицензия беру туралы өтінішін осы Ережеге сәйкес барлық тиісті құжаттарды берген күннен бастап он күн ішінде қарауға тиіс.";

10. 3.6-тармақты екінші сөйлем алынып тасталсын;

11. 3.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Шет елде ашылған валюта есепшоттарының режимі:

1) осы есепшоттарға лицензия шарттарында аталған валюта қаражаты ғана, ал қалғандары - Қазақстан Республикасының банктеріндегі есепшоттарға түсуі тиіс;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген лимит сомасынан асатын қаражат қалдығы Қазақстан Республикасының уәкілетті банкіне аударылуға тиіс;

3) есепшот ашылған шетелдік банк ай сайын, есеп берілген айдан кейінгі айдың 10-на дейін есепшоттан алынған көшірмелерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жібереді;

4) есепшот иелері тоқсан сайын, есеп берілген айдан кейінгі айдың 20-на дейін осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес есепшоттағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп беріп отырады."

12. 3.13-тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын.

Төраға

О қ ы ғ а н д а р :
Б а г а р о в а Ж . А .

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК